





Несиеге «тәбет» тығылмай тұр

4-бет



Түтінсіз, никотині бар

6-бет



Ақындықтың асыл мұраты

9-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№153 (30132) 16 ТАМЫЗ, ДҮЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиынама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## РЕСМИ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

#### Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

##### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Токио-2020 XXXII Жазғы Олимпиада ойындарындағы жоғары спорттық жетістіктері үшін наградаласын:

##### III дәрежелі «Барыс» орденімен

Сметов Елдос Бактыбайұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы;

##### II дәрежелі «Достық» орденімен

Чиншанло Зульфия Салахаровна – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы;

##### «Құрмет» орденімен

Асәділов Дархан Абсадықұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Берульцева Софья Полихронвна – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Бибосынов Сәкен Исмадияр угли – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Қоңқабаев Қамшыбек Бисенбайұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Санаев Нурислам Валентинович – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Сон Игорь Сергеевич – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**К.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 13 тамыз  
№ 638

## Алаңдаушылық білдірді



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасында Ауғанстандағы соңғы оқиғаларға байланысты өзінің алаңдаушылығын білдірді.

«Ауғанстандағы жағдай бойынша күштік құрылымдардың басшыларымен жиын өткіздім. АИР-дағы азаматтарымыз бен дипломаттарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма бердім. Қазақстан Ауғанстандағы жағдайдың ушығып бара жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Ахуал мұқият бақылауда.

Президент Әкімшілігі мен Сыртқы істер министрлігіне Ауғанстанға қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру тапсырылды. Кабулдағы Қазақстан елшілігі шағын құрамда жұмыс істеуде. Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қабылданып жатыр», делінген Президенттің Twitter парақшасында.

## БӘРЕКЕЛДІ!

# Отандық вакцина туралы ғылыми мақала

халықаралық журналда жарияланды



Қаламды жасаған Аннаекой КИРС, «EG»

Қазір қолданысқа енгізіліп үлгерген COVID-19-ға қарсы қазақстандық вакцина туралы көптен күткен ғылыми мақала халықаралық EClinicalMedicine журналына шықты. Бірнеше әзірлеуші ғалым бірігіп жазған еңбекте нарықта QazVac, ғылым әлемінде QazCovid-in атауына ие болған отандық өнімін клиникалық зерттеудің 1-2-фазасының нәтижелері баяндалған.

### Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Иә, біз бұл ғылыми мақаланың жарияланғанын асыға күттік. Себебі кез келген ғылыми өнертабыстың өлшемі – халықаралық журналда жарияланған зерттеудің қорытындысы жөніндегі мақала. Онсыз өнертабысты өндіріске айналдыру

қиын. Рейтингі жоғары журналға шыққан мақалаға сол саланың әлемдегі ең мықты мамандары рецензия береді. Бұған дейін аталған мақаланың бірінші авторы, осы вакцинаны әзірлеуші ғалымдар тобының жетекшісі, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары институтының басшысы Күнсұлу Зақарья бізге берген сұхбатында: «Біз әлемдік деңгейдегі рецензенттерден

алғашқы пікірді алып, олармен тығыз байланыс орнатып отырмыз. Мақаламыз Америкадағы клиникалық зерттеулерді жариялайтын арнайы журналға тапсырылды. Оны халықаралық дәрежесі жоғары медицина ғалымдары қарап жатыр», деген еді.

Мінекей, енді оқырманнан сүйінші сұрайтын сәт те келді. Себебі ғылыми мақала Scopus халықаралық базасындағы 1-квартильге кіретін, ғылыми медицина саласындағы беделді басылым – EClinicalMedicine журналында жарияланды.

(Соңы 2-бетте)

## ДҮБІРГЕ ТОЛЫ ДҮНИЕ

# Ауғанстандағы ахуал күрделене түсті



Ауғанстандағы жағдай тіпті күрделеніп барады. Кейінгі бірнеше күнде «Талибан» ұйымы елдегі бірқатар маңызды қаланы басып алды. Бұқаралық ақпарат құралдарына тараған ақпаратқа сүйенсек, «Талибан» содырлары Кабул қаласына жан-жақтан кірген. Ауғанстандағы ахуалдың күрделенуіне байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күштік құрылымдар басшыларымен жиналыс өткізді.

### Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

«Ауғанстандағы жағдай бойынша күштік құрылымдардың басшыларымен жиын өткіздім. АИР-дағы азаматтарымыз бен дипломаттарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма бердім. Қазақстан Ауғанстандағы жағдайдың ушығып бара жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Ахуал мұқият бақылауда», деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-дегі парақшасында.

Алаңдауға себеп жетерлік. Қазіргі таңда елді үлкен дағдарыс күтіп тұр. Ішкі істер министрлігінің ресми өкілінің мәліметіне сүйенсек, «Талибан» жасақтары жексенбі күні Ауғанстан астанасы – Кабулға кірген. Соған байланысты көптеген мемлекет өз азаматтарын жедел түрде шаһардан шығарып жатыр.

Ауғанстан президентінің Twitter-дегі парақшасында, Кабулдың айналасында бірнеше жерде атыс естілгені, бірақ жергілікті сарбаздар мен халықаралық

күштер қаланы бақылауда ұстап отырғаны айтылған.

Президент Ашраф Ғани сенбіде жергілікті басшылармен және халықаралық серіктестермен қалыптасқан жағдай бойынша шұғыл консультациялар жүргізіп жатқанын айтты. Жексенбі күні тәлібтер Ауғанстанның шығысындағы Джалалабад қаласын ұрыссыз басып алды. Сөйтіп, Ауғанстандағы негізгі магистральдардың бірін өз бақылауында ұстап отыр. Олар сонымен қатар Пәкістан маңындағы Торхам шекара заставасын өзіне бағындырды. Бұған дейін «Талибан» солтүстіктегі Мазари-Шариф қаласын басып алған еді.

Жалпы, Қазақстан Ауғанстандағы ахуал жақсарып, өңірде тұрақтылық пен бейбітшілік орнауына мүдделі. Екі ел арасындағы ынтымақтастық жолға қойылып, Қазақстан ауған студенттерінің білім алуына көмектесіп келеді. 2010 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде қазақстандық жоғары оқу орындарында Ауғанстанның 1 мыңнан аса азаматы білім алады.

Сондай-ақ 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше болып сайланған кезде де Қазақстан тарапы Ауғанстан мәселесін назардан шығарған жоқ. Мәселен, Ауғанстан/«Талибан» комитетіне, ИЛИМ/Өл-Каида комитетіне және Сомали/Эритрея Санкциялық комитетіне төрағалық ету тапсырылып, еліміз аталған міндетті абыроймен атқарып шыққан болатын.

(Соңы 3-бетте)

## ҰБТ-2021

# Грант иегерлері анықталды

Мемлекеттік гранттарды бөлу жөніндегі республикалық комиссияның биылғы отырысы аяқталды. Сөйтіп, 2021-2022 оқу жылына арналған білім грантының иегерлері анықталды. Аталған комиссияның құрамында мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, журналистер, Қазақстан студенттерінің Альянсы және «Отандастар» қорының өкілдері болды.


Білім және ғылым министрлігінің дерегіне сүйенсек, гранттарды тағайындау конкурсына қатысуға 75 мыңнан аса талапкер құжат тапсырған. Биыл «Білім беру» және «Денсаулық сақтау», сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, құқық, дизайн, менеджмент білім беру бағыттары сұранысқа ие.

Грантқа үміткерлер арасында 8 мыңнан асатын «Алтын белгі» иегері, 800-ден көп халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпазы,

сондай-ақ республикалық және халықаралық спорттық жарыстардың 520 жеңімпазы бар. Оларға өзге талапкерлермен ұпайы тең болған жағдайда басымдық берілген.

Президенттің тапсырмасы бойынша гранттардың жалпы саны биыл 5 мыңға артты. Былтыр 51 мың грант бөлінсе, бұл жолы грант саны 56 мыңға дейін ұлғайды. Еске салатын маңызды мәселе, мемлекеттік білім грантының иегерлері оқуға қабылдану үшін құжаттарын ЖОО-ға 25 тамызға дейін тапсыруы тиіс.

Сонымен ата-аналар асыға күткен мемлекеттік грант иегерлерінің тізімімен газетіміздің 13-72-беттерінен таныса аласыздар.



Қаламды жасаған Әлем МАЛМІ, «EG»



## Жүлдегерлер марапатталды

Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев пен Мәдениет және спорт министрі Ақтоғай Райымқұлова Жапонияның бас шаһары – Токиода өткен XXXII жазғы Олимпия ойындарының жүлдегерлерімен және бапкерлермен кездесіп, оларға Мемлекеттік наградалар мен қаржылай сертификаттар тапсырды.

**Әли БИТӨРЕ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен дзюдо спортының өкілі Елдос Сметов III дәрежелі «Барыс» орденімен, ауыр атлет Зульфия Чиншанло II дәрежелі «Достық» орденімен, боксшылар Қамшыбек Қонқабаев пен Сәкен Бибосынов, ауыр атлет Игорь Сон, таэквондошылар Софья Берульцева мен Дархан Асаділов және еркін күрес шебері Нұрислам Санаев «Құрмет» орденімен марапатталды.

Мемлекеттік наградамен қатар, спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына қаржылай сыйақы тапсырылды.

Атап айтқанда, Олимпиада жүлдегерлеріне 31 млн теңге, ал жаттықтырушыларына 25 млн теңге көлемінде сыйақы сертификаты берілді. Салтанатты іс-шараға барлық жүлдегер мен бапкерлерден бөлек, Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев қатысты.

Жиында Мемлекеттік хатшы Токио Олимпиадасы еліміздегі спорт саласының шынайы бетбейнесін анық көрсеткенін атап өтіп, спорт саласына шұғыл реформа қажет екенін айтты. Бірде-бір спортшымыздың алтын не күміс жүлдеге қол жеткізе алмауы елдімізге сын болғанына тоқталды.

– Ең әуелі, балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтырумен, спортпен айналысуын қамтамасыз ету қажет. Өскелең ұрпақтың спортпен шұғылдануына жағдай жасамай, ірі жарыстарда жетістікке жетеміз деу әбестік. Сондықтан еліміздің барлық аймақтарындағы спорт мектептері мен үйірмелердің жағдайына терең талдау жасалып, оларды қолдаудың кешенді жоспары әзірленуі тиіс. Халықтың саламатты өмір салтын ұстанып, бұқаралық спортпен айналысуын дамытқан дұрыс. Спортпен шұғылданатын халықтың санын арттырсақ, одан сапа шығады. Бұл да кезек күттірмей, жедел қолға алатын шаруаның негізгісі, – деді Қырымбек Елеуұлы.

Салтанатты іс-шара соңында Қазақстан ұлттық құрамасының атынан Елдос Сметов пен Софья Берульцева сөз сөйлеп, пандемияға қарамастан, тыңғылықты жаттығу жұмысын жүргізуге бар жағдайды жасағаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

## Олимпиаданы қорытындылады

Қазақ спортшылары үшін аса сәтті бола қоймаған Токио Олимпиадасының қорытындысы алдағы күркірейек айының соңына қарай шығарылып, әрі қарай Париж Олимпиадасына дайындық басталады. Бұл туралы Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы Андрей Крюков Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында мәлімдеді.

**Әли БИТӨРЕ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Бас хатшы Олимпия ойындарындағы нәтижелерге қарамастан, әрбір спортшымыздың жетістігін мақтан тұтатынын жеткізді. Сондай-ақ А.Крюков Токио Олимпиадасындағы Қазақстан құрамасының сәтсіздігіне 10 күркірейекке дейін талдау жасалатынын айтты.

– Алдағы апталарда Ұлттық Олимпиада комитеті республикалық федерациялармен әрі Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп Олимпия ойындарындағы ұлттық құрама командаларының нәтижесі мен дайындығына қатысты талдау жұмысын жүргізеді. 10 күркірейекке дейін спорт федерациялары Олимпиада бойынша нақты есепті ұсынады. Онда спортшылардың сәтті немесе нәтижесіз өнер көрсетуі мәселесіне қатысты талдау болады. Күркірейектің соңына қарай біз соңғы қорытындыны шығарамыз. Осыдан кейін қателіктерді түзету мен келесі олимпиадалық циклге дайындық жұмыстары басталады, – деді Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы.

Алжынға қатысқан Мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағанов елімізде спорт түрлерін қаржыландыру тетігіне

көнінен тоқталды. Ол спорт түрлерінен бюджет қаражатының ашықтығы мен теңгерімді бөлуі қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылы заңнамаға спорт түрлерін саралау түсінігі енгізілгенін, сол ережеге сәйкес жүргізілген саралау рәсімдері нәтижесі бойынша алдағы екі жылға басымдық берілетін спорт түрлерінің тізбесі бекітілетінін жеткізді.

– Саралау көрсеткіштерін айқындаудың негізгі критерийлеріне жарыстарда тиісті спорт түрі бойынша спортшылардың жетістіктері, материалдық-техникалық базаның болуы, өңірдің климаттық жағдайына сай спорт түрлері ерекшеліктері жатады. Осының нәтижесінде спорт түрлері негізгі үш топқа бөлінеді. Біріншісі – дамыған спорт түрлері, екіншісі – жоғары әлеуетке ие спорт түрлері, үшіншісі – дамудың төмен әлеуетіне ие спорт түрлері. Осы арқылы қазіргі кезде спортты қаржыландырудың моделі әзірленді. Бұл өз кезегінде республикалық деңгейде қаражатты объективті бөлуге кепілдік береді, – деді вице-министр.

Қазақстан бокс федерациясының бапкерлік мәселелер жөніндегі вице-президенті Бақтыяр Артаев боксшылардың Токио төрінде көрсеткен нәтижесін сәтсіздікке балап, алдағы

уақытта бокстан ұлттық құраманың құрамы 80 пайызға дейін жаңартынын айтты.

– Токио Олимпиадасында біз Риодағы нәтижені қайталай алмадық. Бразилияда боксшыларымыз бір алтын, екі күміс, бір қола медаль жеңіп алған болса, биыл бұйырғаны екі қола ғана болды. Осыған байланысты алдағы уақытта сараптама жүргіземіз. Қазанның соңында Сербияның бас шаһары – Белградта әлем чемпионаты өтеді. Сол әлем біріншілігіне мүлдем жанарған құрам баруы мүмкін. Сонымен қатар құрамаға қазіргі таңда кәсіпқой бокста тәуір өнер көрсетіп жүрген жігіттер де келуге дайын екенін жеткізді. Енді кімдер бірінші оқу жаттығу жиынына келіп дайындыққа кіріседі, сол боксшылар әлем чемпионатында жүдйрықтасуға мүмкіндік алады, – деді Б.Артаев.

Сонымен қатар Қазақстан грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының вице-президенті Гюзель Манюрова Олимпиададағы өнеріне қатысты пікір білдірді.

Г.Манюрованың айтуынша, әйелдер күресі нәтижесін болжау мүмкін емес және статистика шығару оңай болмайды. «Сондықтан әйелдер күресіне қатысты нақты болжам жасау қиын, яғни жүлделі орыннан көрінуі тиіс спортшылар сенімді ақтамады. Бұл ретте сәтсіздік, өз күшін дұрыс бағаламау, 5 жыл бойы спортшыларға түскен психологиялық қысым бізге теріс нәтиже берді», деді Г. Манюрова.

## Құқық қорғау жүйесін реформалау жөніндегі кеңес

Алматы қаласында Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Әсет Исекешевтің төрағалығымен Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру – қылмыстық процестің үш буынды моделіне көшу және полицияның сервистік моделін енгізу жөніндегі жұмыс кеңесі өтті.

**Кәрібай МҰСЫРМАН,**  
«Egemen Qazaqstan»

Кеңес барысында Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында қойылған құқық қорғау саласындағы міндеттердің іске асырылу барысымен танысты. Ол қылмыстық процесті жаңғырту жөніндегі қанатқақты жобаның бүкіл елге масштабталғанын атап өтті. Бұл сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңнамасына енгізілген тиісті түзетулер арқылы бекітілген. Осы орайда бұл жұмыстың жергілікті жерлерде қаншалықты дұрыс ұйымдастырылғанын түсіну маңызды.

Алматыда қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу қалай өтіп жатқаны туралы қала прокурорының міндетін атқарушы Назарбай Ибраһимолдаев айтып берді.

«2021 жылы Алматы полициясы қылмыстық істер бойынша 30 225 процестік шешім қабылдады, оның 24 708-і прокурормен келісіліп, бекітілді. Яғни «прокурорлық сүзгі» азаматтардың құқықтарын бұзу 38%-ға азайтуға мүмкіндік берді», деді Н.Ибраһимолдаев.

Кеңес аясында Әсет Исекешевке қылмыстық істерді жүргізудің жаңа форматы, қызметкерлердің жұмыс орындарын жабықтау және өңделетін деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері көрсетілді.

«Қазір Полиция департаментінде қылмыстық істерді электронды форматта жүргізу үшін 375 жұмыс орны жабықталған. Е-форматты қолдану полициялардың жұмысын ашық етеді, ал деректерді қорғау бойынша пайдаланылатын технологиялар қылмыстық істе құжаттардың бұрмалануына және ауыстырылуына жол бермейді», деді Алматы қалалық Полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов.

Электронды формат қабылданатын шешімдерді келісу процесін жеңілдетуге және жылдамдатуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және тергеу сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Алматының жол қауіпсіздігін бақылау жүйесінің жұмысымен танысты. Жүйе Алматы ПД жедел басқару орталығына шоғырландырылған 2 мыңнан астам бейнекамерадан тұрады.

Мәселені талқылау барысында Әсет Исекешев полицияның сервистік моделін қанатқақты режимде енгізу процесі еліміздің үш өңірінде жүзеге асырылып жатқанын айтты. Оның айтуынша, Алматы еліміздің ең ірі қаласы болғандықтан, мұнда қанатқақты жобаны іске асыруға жауапкершілікпен қарау маңызды.

«Құқық бұзушылықтың алдын алудың қазіргі заманғы жүйесін құру тәсілдері мен полицияның

сервистік моделін ел Президенті жанындағы Құқық қорғау және сот жүйелерін реформалау жөніндегі комиссия мақұлдады.

Сондықтан сіздер полицияның сервистік үлгісі жұмысының негізгі қағидаттарын, ондағы әкімдіктің, басқа да мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың рөлін түсінулеріңіз қажет.

Сіздер қанатқақты аумақтың, кейін мемлекет пен қоғамның әріптестігіне негізделген қаланың қауіпсіздік жүйесінің визит карточкасы болып табылатын Алматы қаласының бүкіл аумағында жинақталған тәжірибені тарату үшін базалық аудан болатынын түсінулеріңіз қажет.

Бұл ретте қазірдің өзінде ең криминогенді аудандардағы қылмыстың нақты көрінісін қалыптастыру және бүкіл қала бойынша шаралар кешенін анықтау үшін сарапшылармен, құқық қорғау органдарының ардагерлерімен, жобалық кеңес аясында сарапшылармен жұмысты күшейту керек. Қажет болған жерлерде бейнекамералар қою, учаскелік пункттер санын арттыру, патрульдеулі күшейту, жарықтандыруды жақсарту шараларын қолданған жөн», деп атап өтті Ә.Исекешев. Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы құқықтық тәртіп деңгейін одан әрі арттыру бойынша сапалы жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтіп, бірқатар нақты тапсырма берді.

Кеңеске Бас прокурор Гизат Нұрдаулетов, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғынбаев, Президент Әкімшілігінің Қауіпсіздік және құқық тәртібі бөлімінің меңгерушісі Алексей Калайчиди және Алматы қаласының құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

## Құжаттарды қабылдау аяқталды

Биылғы 20 мамырда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын алуға конкурсы жариялаған болатын. Іздәнушілердің құжаттары 10 тамызға дейін қабылданды.

«Дарын» сыйлығына іздәнушілерден 237 өтінім қабылданды (2020 жылы – 160 өтінім).

Номинациялар бойынша өтінімдер саны келесідей: «Ғылым» – 55, «Эстрада» – 9, «Классикалық музыка» – 18, «Халық шығармашылығы» – 21, «Дизайн

және бейнелеу өнері» – 7, «Театр және кино» – 47, «Спорт» – 22, «Әдебиет» – 18, «Журналистика» – 7, «Қоғамдық қызмет» – 33.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы жемісті ғылыми, шығармашылық, қоғамдық қызметі, сондай-ақ жоғары

спорттық жетістіктері үшін талантты жастарды қолдау мақсатында жыл сайын беріледі. Сыйлыққа ие болған адамдарға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі, диплом, төсбелгі және ақшалай сыйақы тапсырылады.

Лауреаттарды марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне жоспарланып отыр.

«Егемен-ақпарат»

## 1 қазан – Радио қызметкерлерінің күні

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 1 қазан Радио қызметкерлері күні болып жарияланды.

Бұған дейін Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтау барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ

радиосының 100 жылдығын мерекелеу аясында 1 қазанды Радио қызметкерлері күні деп жариялауды ұсынған болатын.

Радио қызметкерлерінің

кәсіби күні отандық радионы одан әрі дамытуға қосымша ынталандыру болады деп болжанып отыр. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда радиохабар тарату тарихы 1921 жылдың қазан айында басталған болатын.

«Егемен-ақпарат»

## Аудандарды аралады

Сенат депутаттары Мұхтар Жұмағазиев пен Бауыржан Қаниев Ақтөбе облысының Ырғыз және Шалқар аудандарына барды, деп хабарлады жоғарғы Палатаның баспасөз қызметі.

Сапар барысында сенаторлар жергілікті шаруалармен және агроөнеркәсіп саласында еңбек етіп жүрген мамандармен кездесті.

Олар Ырғыз ауданының Күмтоғай ауылында қой шаруашылығымен, жылқы, ірі қара өсірумен айналысатын шаруа қожалықтарының алдағы қысқа жемшөп дайындау барысымен танысты. Шаруалармен кездесулерде ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің өзекті мәселелерін шешу жолдары талқыланды. Өз сөзінде Мұхтар Жұмағазиев фермерлер үшін мал дәрігерлерінің тапшылығы және сапалы ветеринарлық көмек алу мәселесі әлі де өзекті болып отырғанын айтты.

Сондай-ақ депутаттар Шалқар ауданының Жылытұр ауылында салынып жатқан дәрігерлік амбулаторияның құрылыс барысымен танысты. Олар шөлейттенуге қарсы күресу және құмдардың қозғалысын тоқтату үшін сексеуіл көшеттерін отырғызумен айналысатын орман шаруашылығы мекемесіне де барды. Сенатор Бауыржан Қаниев өңірдің қоғамын жақсарту үшін мұндай іс-шаралардың маңызды екенін атап өтті.

Одан бөлек сенаторлар Шалқар қаласының микроклиматын қалыптастыратын Шалқар көлінің қазіргі ахуалын талқылау үшін мердігер компанияның өкілдерімен кездесіп, биыл сәуір айында басталған көлдің табанын тазарту жұмыстарымен танысты.

### БӘРЕКЕЛДІ!

## Отандық вакцина туралы ғылыми мақала халықаралық журналда жарияланды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл – рецензенттермен кәсіби қарым-қатынас жүргізу мен көп күш-жігер жұмсалған жұмыстың жемісі, сондай-ақ отандық ғалымдар еңбегінің халықаралық деңгейде мойындалуы. Себебі мұндай журналдарға мақала жариялау кейде бір жыл уақытты талап етеді. Ал ғалымдарымыздың биылғы сәуірдің 5-інде жіберілген еңбегін аталған халықаралық журнал 4 айдан соң жарыққа шығарды. Мақаланың тақырыбынан кейінгі маңызды ақпаратта: «2021 жылы 5 сәуірде келіп түсті, 2021 жылы 28 шілдеде қайта қаралды, 2021 жылы 28 шілдеде қабылданды, 2021 жылы 14 тамызда онлайн режимінде қолжетімді болды», делінген.

Мақаланың «Findings», яғни «Нәтижелер» атты бөлімінде:

«QazCovid-in® вакцинасы қауіпсіз және айтарлықтай төзімді болды, негізінен болмашы жағымсыз әсерлер тудырды; екі сынақта да елеулі немесе ауыр жағымсыз оқиғалар тіркелмеді. 1 фазалық сынақта, МНА-да (MNA, яғни микронеутрализация – вирусты анықтауға арналған



өте сезімтал және арнайы талдау – А.Ш.) антидене титрінің (серо конверсия) төрт есе жоғарылауы бар субектілердің пайызы вакцинаның бірінші дозасынан кейін 59%-ды құрады және екінші дозадан кейін 100%-ды құрады. 180-ші күні плацебо (дәрілік қуаты жоқ сұйықтық) қабылдаған адамдардың 40%-ында ELISA (MNA секілді талдау) және MNA-мен өлшенетін SARS-CoV-2

инфекциясын болжайтын вирусқа қарсы антиденелер деңгейінің статистикалық түрде жоғарылағанын көрсетті», деп жазылған.

Ғылыми еңбек авторлары мақаланың Discussion, яғни «Талқылау» деп аталатын бөлігінде атап көрсеткендей, 1 және 2-фазалық клиникалық зерттеулер QazCovid-in® вакцинасының бір немесе екі дозаны алатын 18 жастан 70 жасқа дейінгі

ересектерге қауіпсіз және жақсы төзімді екенін дәлелдеді.

Келесі кезекте ғалымдардың 3-фазадағы зерттеу нәтижесі туралы ғылыми мақаласын күтеміз. Өйткені клиникалық сынақтың соңғы кезеңінде вакцинаның дені сау адамдарға ғана емес, денсаулық жағдайы бойынша түрлі топтарға жатқызылатын жандарға да қаншалықты тиімді екені анықталады.